

Мектепте не істеймін?

Ой шақыру

«Сенің мектептегі іс-әрекетің»

Мектепте

Бұл-менің мектебім. Мектеп тоғызыншы ықшамауданда орналасқан. Мен екінші ауысымда оқимын. Сабақ кестесі бойынша бізге күнде 5-6 сабақ болады. Біз сабақта оқимыз, жазамыз, сұрақтарға жауап береміз, есеп шығарамыз, сурет саламыз, ән айтамыз.

Қоңырау соғылды. Үзіліс басталды. Үзілісте біз демаламыз, тамақтанамыз.

Мектепте түрлі спорт секциялары жұмыс істейді. Балалар шахмат секциясына барады.

Мен қазақ тілі үйірмесіне барамын. Үйірмеде қазақша сұхбат-тасамын, ән үйренемін.

Етістіктің бұйрық райы

● жекеше

Iж. Мен жаз-айын, кел-ейін.

IIж. Сен жаз, кел.

Сіз жаз-ыңыз, кел-іңіз.

IIIж. Ол жаз-сын, кел-сін.

көпше

Iж. Біз жаз-айық, кел-ейік.

IIж. Сендер жаз-ыңдар, кел-іңдер.

Сіздер жаз-ыңыздар, кел-іңіздер.

IIIж. Олар жаз-сын, кел-сін.

Тапсырма (сәйкестендір)

- Мен сурет сабағында есеп шығарайын
- Біз тарих сабағында жүгірейін
- Ол қазақ тілінде сұхбаттассын
- Мен математикада мазмұндайық
- Дене шынықтыруда сурет салайын
- Сен географияда картамен жұмыс
- жаса

Старостаның бұйрығын орында!

- Адина, тақтаға қара.
- Дима, орныңнан тұр.
- Самир сөйлемесін.
- Паулина кітапты оқысын.
- Перизат, дәптеріңді маған бер.
- Лена, жаттығуды оқы.
- Балалар тыныш отырсын!

«Мектептегі бір күнім»

- Сурет салдым, баскетбол ойнадым, кітапханадан кітап алдым, математикадан бес алдым, диктант жаздым, кезекші болдым т.б. (шағын мәтін жаз)